

## Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 195 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 18 шілдедегі № 323 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 тамызда № 14142 болып тіркелді

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасының орындалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес лотерея операторымен Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасының орындалуы үшін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін оның көшірмелерін түпнұсқамен толық сәйкестікте графикалық форматта жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына осы бұйрықтың көшірмелерін ресми жариялау үшін осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылып, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін электрондық және қағаз түрінде осы бұйрықтың көшірмелерін жолдауды;

4) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы тармақпен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді іс-шараларды орындағаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі  
\_\_\_\_\_ А. Мұхамедұлы

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрінің  
2016 жылғы 29 маусымдағы  
№ 195 және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 18 шілдедегі  
№ 323 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – өлшемшарттар) лотереялар және лотерея қызметі саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) тексеру жүргізуіне арналған.

2. Осы өлшемшарттарда мына ұғымдар пайдаланылған:

1) елеулі бұзушылықтар – лотереялар және лотерея қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының лотереяны ұтқан қатысушы туралы мәліметтерді жария ету бойынша, «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) көзделген тәртіппен ұйымдастырылатын және өткізілетін лотереяларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында өзге лотереяларды ұйымдастыру және өткізу бойынша; құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді лотерея түрінде өткізу; лотерея өткізуден басқа кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерімен айналысу; уәкілетті органда лотерея есептілігінің орталығын орналастыруды қамтамасыз ету бойынша; ақпаратты қорғау; уәкілетті органға бекітілген лотереяны өткізу шарттарының тұпнұсқа данасын жіберу бойынша; ұтыстарды төлеу бойынша; талап етілмеген ұтыстарды сақтау бойынша; өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсім мен жұлде қоры арасындағы айырманың кемінде он пайызын тоқсан сайын спортты дамытуға жіберу міндеті бойынша талаптарды сақтамауға байланысты бұзушылықтар;

2) елеусіз бұзушылықтар – лотереялар және лотерея қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының лотереяны өткізу шарттарына қатысты, лотереялық ақпаратты өңдеу орталығының орналасуы бойынша, лотерея жабдығымен лотерея мөлшерлемесін қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз ету мүмкіндігін, сондай-ақ лотерея терминалдарымен байланыс желісі арқылы қосылу мүмкіндігін болдырмау бойынша; өткізген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, нақты лотереяның тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсімнің кемінде елу пайызы мөлшерінде жұлде қорын қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша, тираждық лотереяның жұлде қорын оны ұтыс ойынына салу басталғанға дейін қалыптастыру бойынша; лотереяға қатысушылар алдындағы ұтыстарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, жұлде қорына қандай да бір міндеттемелермен ауыртпалық салу бойынша, лотерея билеттерінде, түбіртектерде немесе өзге де құжаттарда қажетті міндетті ақпараттың болуы талаптарын сақтамауға байланысты бұзушылықтар;

3) өрескел бұзушылықтар – лотереялар және лотерея қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының таратылған лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар туралы ақпаратты жинауды, қалыптастыруды, сақтауды және есепке алуды қамтамасыз ету міндеті бойынша; лотерея операторының ұтыстарды төлеу бойынша; лотерея терминалдарын бақылау-кассалық машиналармен жарақтандыру бойынша; жұлде қорын ойнатқан кезде ұтыстарды кездейсоқ бөлуді қамтамасыз ету бойынша; лотерея өткізу шарттарын әзірлеу және бекіту лотереяны өткізу шарттарына қажетті мәліметтерді енгізу; ол жататын тираж шеңберінде тираждық лотереяның жұлделі қорын толық ойнату бойынша; Заңға және лотерея өткізу шарттарына сәйкес ұтыстарды төлеу бойынша; Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнама талаптарына лотерея билеттерінде, түбіртектерде немесе өзге құжаттарда қамтылатын ақпаратқа сәйкес келуі бойынша; Заңның 13-бабына сәйкес жұлде қорын ойнату бойынша; сондай-ақ лотереялар және

лотерея қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзу фактілерімен мемлекеттік органдардан түскен мәліметтердің болуы талаптарын орындамауға, жеке және заңды тұлғалардан шағымдар мен өтініштердің болуына байланысты бұзушылықтар;

4) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне олардың салдарының ауырлық дәрежесін есепке ала отырып, зиян келтіру, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру ( жылыстату) және терроризмді қаржыландыру ықтималдылығы;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты тексерілетін субъекті (объекті) қызметі нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тексерілетін объектілер – бақылауға және қадағалауға жататын тексерілетін субъектіде меншік құқығында немесе өзге заңды негізде болатын мүлік;

7) тексерілетін субъекті – лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға.

3. Ішінара тексеру үшін өлшемшарттар субъективті критерийлер арқылы қалыптасады.

Жоспардан тыс тексерулер және бақылау мен қадағалаудың өзге нысандары жоғары және жоғарыға жатпайтын тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектіге (объектілерге) қатысты қолданылады.

4. Ішінара тексерулер өткізілген талдау мен бағалау нәтижелері бойынша жылдық негізде қалыптасатын ішінара тексеру тізімдерінің негізінде жүргізіледі. Ішінара тексерулер тізімдері тиісті есепті кезең басталғанға дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімге құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

5. Ішінара тексерулер тізімдері:

1) субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесінің аса жоғары көрсеткішіне қол жеткізу;

2) мемлекеттік органды тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың жүктемелерін есепке ала отырып жасалады.

6. Ішінара тексеруді өткізу еселігі жылына бір реттен жиі болмайды.

## 2. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мына кезеңдерді қолданумен жүзеге асырылады:

1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

8. Тексерілетін субъектілердің субъективті өлшемшарттарының тәуекел дәрежесін бағалау үшін мына ақпарат көздері пайдаланылады:

1) тексерілетін субъектілер ұсынатын есептілік мониторингінің нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулердің нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауыртпалық дәрежесі ( өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парағында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді;

3) мемлекеттік органдардан келіп түскен мәліметтерді талдау нәтижелері;

4) жеке, заңды тұлғалар тарапынан расталған шағымдар мен өтініштердің болуы.

9. Бір және одан да көп өрескел бұзушылықтар өрескел бұзушылықтар болған кезде тексерілетін субъектіге (объектіге) 100 деген көрсеткіш беріледі, бұл тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тексеру жүргізуге негіздеме болып табылады.

Елеулі бұзушылық көрсеткішін айқындаған кезде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формулада есептеледі:

$$P_3 = ( P_2 \times 100 / P_1 ) \times 0,7$$

онда:

$P_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$P_1$  – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$P_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтар саны.

Елеусіз бұзушылықтар көрсеткішін айқындау үшін 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формулада есептеледі:

$$P_H = (P_2 \times 100 / P_1) \times 0,3$$

онда:

$P_3$  - елеусіз бұзышылықтар көрсеткіші;

$P_1$  - елеусіз бұзушылықтардың жалпы саны;

$P_2$  - анықталған елеусіз бұзушылықтар саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $P$ ) 0-ден 100 дейін шкалада есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтар көрсеткіштерін жиынтықтау жолымен айқындалады:

$$P = P_3 + P_H$$

онда:

$P$  - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$P_3$  - елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$P_H$  - елеусіз бұзушылықтар көрсеткіші.

10. Елеулі және елеусіз бұзушылықтар бойынша алынған деректерге талдау және өңдеу жүргізе отырып, уәкілетті мемлекеттік орган субъектілерді (объектілерді) мынадай тәуекел дәрежелеріне жатқызады:

1) жоғары дәрежелі тәуекел - тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 60-тан 100-ге дейінгі көрсеткішті құрайды;

2) жоғары дәрежелі тәуекелге жатпайтын - тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейінгі көрсеткішті құрайды.

Қазақстан Республикасының лотерея және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

**Лотерея және лотерея қызметінің операторына арналған Қазақстан Республикасының лотерея және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесінің субъективті өлшемшарттары**

р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
<b>1. Тексерілетін субъекті ұсынатын есептілік мониторингінің нәтижелері</b>		
1	Лотерея операторы лотерея ақпаратын өңдеу орталығы арқылы таратылған лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар, тіркелген лотерея мөлшерлемелері, өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан түскен түсім, төленген ойын ұтыстары туралы ақпаратты жинау, қалыптастыру, сақтау және есепке алу және оны лотерея есептілігінің орталығына айына бір реттен сиретпей ұсыну талаптарын сақтамау	өрескел
<b>2. Алдыңғы тексерулер нәтижелері (ауыртпалық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды орындамаған кезде белгіленеді)</b>		
1	Лотерея операторының лотереяны өткізу шарттарын орындауы	елеусіз
2	Лотерея операторының лотереяға қатысушының сатып алған лотерея билеті, түбіртек немесе өзге құжаты негізінде ұтысты төлеуді орындауы	өрескел
3	Лотерея операторының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, лотереяны ұтқан қатысушы туралы	елеулі

	мәліметтерді, егер оның жазбаша келісімі алынбаса, жария етуге тыйым салуды орындауы	
4	Лотерея операторының «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген тәртіппен ұйымдастырылатын және өткізілетін лотереяларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында лотереяларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салуды орындауы	елеулі
5	Лотерея операторының құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді лотерея түрінде өткізуге тыйым салуды орындауы	елеулі
6	Лотерея операторының лотерея өткізуден басқа кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерімен айналысуға тыйым салу талаптарын орындауы	елеулі
7	Лотерея операторының уәкілетті органда лотерея есептілігінің орталығын орналастыруды қамтамасыз ету бойынша міндетті орындауы	елеулі
8	Лотерея операторының лотерея терминалдары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес модельдері бақылау – касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген бақылау-касса машиналарымен жарақтандыру бойынша талаптарды орындауы	өрескел
9	Лотерея операторының лотереялық ақпаратты өңдеу орталығы Қазақстан Республикасының аумағында орналасуы бойынша талаптарды орындауы	елеусіз
10	Лотерея операторының лотереялық ақпаратты өңдеу орталығы мен лотерея есептілігінің орталығы ақпаратты жоғалудан, ұрланудан, бұрмаланудан, жалған ақпарат жасаудан, рұқсатсыз қолжетімділіктен және оны тарату, бұғаттау, жою, түрлендіру, көшіру бойынша әрекеттерден және өзге де заңсыз әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындауы	елеулі
11	Лотерея операторының лотерея жабдығына жүлде қоры ұтысын ойнатқан кезде ұтыстарды кездейсоқ бөлуді қамтамасыз етуге тиіс техникалық сипаттамаларды, ұтыс ойынының басталуына дейін жүлделі қор ұтысын өткізу нәтижесін алдын ала айқындауға мүмкіндік беретін жасырын мүмкіндіктер және (немесе) рәсімдер мен алгоритмдердің болмауы талаптарын орындауы	өрескел
12	Лотерея операторының лотерея мөлшерлемелерін қабылдауы және тіркеуі, сондай-ақ лотерея терминалдарымен желіс арқылы қосылуы тиіс емес лотерея жабдығына қойылатын талаптарды орындауы	елеусіз
13	Лотереяны өткізу шарттары мынадай мәліметтерді: 1) лотереяның атауын; 2) лотерея түрінің көрсетілуін; 3) орналасқан жері, банктік деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілген лотерея операторының атауын; 4) лотерея өткізілетін мерзімдерді; 5) лотерея тұжырымдамасының сипаттамасын; 6) лотереяның ұйымдастыру-технологиялық сипаттамасын; 7) лотереяға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін; 8) ұтты деп танылған лотереяға қатысушыға ұтысты төлеу тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ ұтыс шыққан лотерея билеттеріне, түбіртектерге немесе өзге де құжаттарға сараптама жүргізу мерзімдерін; 9) лотереяға қатысушыларды лотереяға қатысу қағидалары және жүлде қорын ұтысқа салу нәтижелері туралы хабардар ету тәртібін; 10) лотерея билеттерін, түбіртіктерді немесе өзге де құжаттарды тарату (өткізу), лотерея мөлшерлемелерін қабылдау мен тіркеу тәртібін; 11) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың (	өрескел

	<p>лотерея мөлшерлемелерінің мөлшерін) бағасын;  12) ұтыстың мөлшері мен нысанын (ақшалай немесе заттай);  13) жүлде қорының жоспарланып отырған мөлшерін;  14) жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу тәртібін, ұтыстарды айқындау алгоритмін, бас жүлдені (болған жағдайда) қалыптастыру мен ұтысқа салу қағидаларын қамтитын лотерея өткізу шарттарын әзірлеу және бекіту бойынша лотерея операторының талаптарын орындауы</p>	
14	<p>Лотерея операторының бекітілген лотереяны өткізу шарттарының түпнұсқа данасын оны өткізу басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей уәкілетті органға жіберу және лотереяны өткізу шарттарын оны өткізу басталғанға дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастыру бойынша талаптарды орындауы</p>	елеулі
15	<p>Лотерея операторының өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, нақты лотереяның тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсімнің кемінде елу пайызы мөлшерінде жүлде қорын қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындауы</p>	елеусіз
16	<p>Тираждық лотереяның жүлде қорын оны ұтыс ойынына салу басталғанға дейін қалыптастыру бойынша талаптарды орындауы</p>	елеусіз
17	<p>Лотерея операторының лотереяға қатысушылар алдындағы ұтыстарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, жүлде қорына қандай да бір міндеттемелермен ауыртпалық салуға, сондай-ақ жүлде қорының қаражатын ұтыстарды төлеуден басқаға пайдалануға тыйым салуды орындауы</p>	елеусіз
18	<p>Лотерея операторының бірнеше тираж бойына жүлде қорын (бас жүлдені) жинақтап қалыптастыру қағидатын өткізу шарттарында пайдаланылатын тираждық лотереяны қоспағанда, ол жатқызылатын тираж шеңберінде тираждық лотереяның жүлде қорын толық ұтысқа салу бойынша талаптарды орындауы</p>	өрескел
19	<p>Лотерея операторымен Заңға және лотереяны өткізу шарттарына сәйкес ұтыстарды төлеу бойынша талаптарды орындауы</p>	өрескел
20	<p>Лотерея операторының лотерея өткізу шарттарында белгіленген мерзімде талап етілмеген ұтыстарды тиісті тираждың нәтижесі (жүлде қорын ұтысқа салу) жарияланған кезден бастап үш жыл бойы сақтау, одан кейін олар салықтық емес төлем түрінде бюджет кірісіне есепке жатқызу бойынша талаптарды орындауы</p>	елеулі
21	<p>Лотерея операторының лотерея билеттерінде, түбіртектерде немесе өзге де құжаттарда мынадай міндетті ақпаратты қамту бойынша талаптарды орындауы:  1) лотереяның атауы;  2) лотерея операторының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері және интернет-ресурсы;  3) тираждың нөмірі немесе атауы (тираждық лотереялар үшін);  4) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың нөмірі;  5) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың бағасы;  6) жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу күні мен орны (тираждық лотерея үшін);  7) ұтысты алу орны мен мерзімдері туралы деректер;  8) жүлде қорының мөлшері</p>	елеусіз
22	<p>Лотерея операторының лотерея билеттеріндегі, түбіртектердегі немесе өзге де құжаттардағы ақпараттың Қазақстан Республикасы тілдер туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі туралы талаптарды орындауы</p>	өрескел

23	«Заңның 13-бабына және лотереяны өткізу шарттарына сәйкес жүлде қорының ұтыс ойынын өткізуге қойылатын талаптарды орындауы	өрескел
24	Лотерея операторы өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсім мен жүлде қоры арасындағы айырманың кемінде он пайызын спортты дамытуға тоқсан сайын жіберу міндетін орындауы	елеулі
3. Мемлекеттік органдардан түскен мәліметтерді талдау нәтижелері		
1	«Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерімен мемлекеттік органдардан түскен мәліметтердің болуы	өрескел
4. Расталған жеке және заңды тұлғалар тарапынан түскен шағымдар мен өтініштердің болуы		
1	Бұзу фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, құқықтарын лотерея операторы бұзған жеке және заңды тұлғалардан өтініштердің болуы	өрескел

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрінің  
2016 жылғы 29 маусымдағы  
№ 195 және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 18 шілдедегі  
№ 323 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

**Лотерея операторына қатысты Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_  
Тексерулерді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_ (№, күні)  
Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_  
Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН \_\_\_\_\_  
Орналасқан орнының мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Лотерея операторының лотереяны өткізу шарттарын орындауы				
2	Лотерея операторының лотереяға қатысушының сатып алған лотерея билеті, түбіртек немесе өзге құжаты негізінде ұтысты төлеуді орындауы				
3	Лотерея операторының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, лотереяны ұтқан қатысушы туралы мәліметтерді, егер оның жазбаша келісімі алынбаса, жария етуге тыйым салуды орындауы				
	Лотерея операторының «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» 2016 жылғы 9				

4	сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген тәртіппен ұйымдастырылатын және өткізілетін лотереяларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында лотереяларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салуды орындауы				
5	Лотерея операторының құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді лотерея түрінде өткізуге тыйым салуды орындауы				
6	Лотерея операторының лотерея өткізуден басқа кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерімен айналысуға тыйым салу талаптарын орындауы				
7	Лотерея операторының уәкілетті органда лотерея есептілігінің орталығын орналастыруды қамтамасыз ету бойынша міндетті орындауы				
8	Лотерея операторының лотерея терминалдары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес модельдері бақылау – касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген бақылау-касса машиналарымен жарақтандыру бойынша талаптарды орындауы				
9	Лотерея операторының лотереялық ақпаратты өңдеу орталығы Қазақстан Республикасының аумағында орналасуы бойынша талаптарды орындауы				
10	Лотерея операторының лотереялық ақпаратты өңдеу орталығы мен лотерея есептілігінің орталығы ақпаратты жоғалудан, ұрланудан, бұрмаланудан, жалған ақпарат жасаудан, рұқсатсыз қолжетімділіктен және оны тарату, бұғаттау, жою, түрлендіру, көшіру бойынша әрекеттерден және өзге де заңсыз әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындауы				
11	Лотерея операторының лотерея жабдығына жұлде қоры ұтысын ойнатқан кезде ұтыстарды кездейсоқ бөлуді қамтамасыз етуге тиіс техникалық сипаттамаларды, ұтыс ойынының басталуына дейін жұлделі қор ұтысын өткізу нәтижесін алдын ала айқындауға мүмкіндік беретін жасырын мүмкіндіктер және (немесе) рәсімдер мен алгоритмдердің болмауы талаптарын орындауы				
12	Лотерея операторының лотерея мөлшерлемелерін қабылдауы және тіркеуі, сондай-ақ лотерея терминалдарымен желіс арқылы қосылуы тиіс емес лотерея жабдығына қойылатын талаптарды орындауы				



13	<p>Лотереяны өткізу шарттары мынадай мәліметтерді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) лотереяның атауын;</li> <li>2) лотерея түрінің көрсетілуін;</li> <li>3) орналасқан жері, банктік деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілген лотерея операторының атауын;</li> <li>4) лотерея өткізілетін мерзімдерді;</li> <li>5) лотерея тұжырымдамасының сипаттамасын;</li> <li>6) лотереяның ұйымдастыру-технологиялық сипаттамасын;</li> <li>7) лотереяға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін;</li> <li>8) ұтты деп танылған лотереяға қатысушыға ұтысты төлеу тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ ұтыс шыққан лотерея билеттеріне, түбіртектерге немесе өзге де құжаттарға сараптама жүргізу мерзімдерін;</li> <li>9) лотереяға қатысушыларды лотереяға қатысу қағидалары және жүлде қорын ұтысқа салу нәтижелері туралы хабардар ету тәртібін;</li> <li>10) лотерея билеттерін, түбіртіктерді немесе өзге де құжаттарды тарату (өткізу), лотерея мөлшерлемелерін қабылдау мен тіркеу тәртібін;</li> <li>11) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың (лотерея мөлшерлемелерінің мөлшерін) бағасын;</li> <li>12) ұтыстың мөлшері мен нысанын (ақшалай немесе заттай);</li> <li>13) жүлде қорының жоспарланып отырған мөлшерін;</li> <li>14) жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу тәртібін, ұтыстарды айқындау алгоритмін, бас жүлдені (болған жағдайда) қалыптастыру мен ұтысқа салу қағидаларын қамтитын лотерея өткізу шарттарын әзірлеу және бекіту бойынша лотерея операторының талаптарын орындауы</li> </ol>				
14	<p>Лотерея операторының бекітілген лотереяны өткізу шарттарының түпнұсқа данасын оны өткізу басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей уәкілетті органға жіберу және лотереяны өткізу шарттарын оны өткізу басталғанға дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастыру бойынша талаптарды орындауы</p>				
15	<p>Лотерея операторының өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, нақты лотереяның тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсімнің кемінде елу пайызы мөлшерінде жүлде қорын қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындауы</p>				

16	Тираждық лотереяның жүлде қорын оны ұтыс ойынына салу басталғанға дейін қалыптастыру бойынша талаптарды орындауы			
17	Лотерея операторының лотереяға қатысушылар алдындағы ұтыстарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, жүлде қорына қандай да бір міндеттемелермен ауыртпалық салуға, сондай-ақ жүлде қорының қаражатын ұтыстарды төлеуден басқаға пайдалануға тыйым салуды орындауы			
18	Лотерея операторының бірнеше тираж бойына жүлде қорын (бас жүлдені) жинақтап қалыптастыру қағидатын өткізу шарттарында пайдаланылатын тираждық лотереяны қоспағанда, ол жатқызылатын тираж шеңберінде тираждық лотереяның жүлде қорын толық ұтысқа салу бойынша талаптарды орындауы			
19	Лотерея операторымен Заңға және лотереяны өткізу шарттарына сәйкес ұтыстарды төлеу бойынша талаптарды орындауы			
20	Лотерея операторының лотерея өткізу шарттарында белгіленген мерзімде талап етілмеген ұтыстарды тиісті тираждың нәтижесі (жүлде қорын ұтысқа салу) жарияланған кезден бастап үш жыл бойы сақтау, одан кейін олар салықтық емес төлем түрінде бюджет кірісіне есепке жатқызу бойынша талаптарды орындауы			
21	Лотерея операторының лотерея билеттерінде, түбіртектерде немесе өзге де құжаттарда мынадай міндетті ақпаратты қамту бойынша талаптарды орындауы: 1) лотереяның атауы; 2) лотерея операторының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері және интернет-ресурсы; 3) тираждың нөмірі немесе атауы (тираждық лотереялар үшін); 4) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың нөмірі; 5) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың бағасы; 6) жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу күні мен орны (тираждық лотерея үшін); 7) ұтысты алу орны мен мерзімдері туралы деректер; 8) жүлде қорының мөлшері			
22	Лотерея операторының лотерея билеттеріндегі, түбіртектердегі немесе өзге де құжаттардағы ақпараттың Қазақстан Республикасы тілдер туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі туралы талаптарды орындауы			
	«Заңның 13-бабына және лотереяны өткізу шарттарына сәйкес жүлде қорының ұтыс			

23	ойынын өткізуге қойылатын талаптарды орындауы				
24	Лотерея операторы өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсім мен жүлде қоры арасындағы айырманың кемінде он пайызын спортты дамытуға тоқсан сайын жіберу міндетін орындауы				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))